

Мағжан Жұмабаев ауданының шақырту учаскесіне 1995 жылы туған Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2012 жылы қаңтардан наурыз аралығында тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2011 жылғы 23 қарашадағы N 52 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 14 желтоқсанда N 13-9-146 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы ауданы әкімінің 2012 жылғы 8 мамырдағы N 14 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы ауданы әкімінің 2012.05.08 N 14 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17-бабына 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырындағы № 371 «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қаулысына сәйкес аудан әкімі **ШЕШТІ:**

1. Мағжан Жұмабаев ауданының шақырту учаскесіне 1995 жылы туған, тіркеу жылы 17 жасқа толатын және Мағжан Жұмабаев ауданы аумағында бұрын тіркелмеген, әскерге шақыру жасы үлкен Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2012 жылы қаңтардан наурыз аралығында шақырту учаскесіне тіркеуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Д. Қабдөшевке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 қаңтардағы пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Б. Бубенко

«КЕЛІСІЛДІ»:

«Солтүстік Қазақстан облысы

Мағжан Жұмабаев атындағы ауданының

Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығының У.а Н.Сарсымбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК